

Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының, сонымен бірге Қазақстан Республикасының резидент банкінің, Қазақстан Республикасында еншілес банкін ашатын (еншілес банкі бар) Қазақстан Республикасының резидент емес банктері акцияларының он процентін және одан да көп процентін сатып ала алатын банктердің ең аз талап қойылатын рейтингін және осындай рейтингті, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе резидент банктердің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері болып табылатын оффшорлық аймақтарда тіркелген қосылма тұлғалары бар резидент емес банктердің рейтингін белгілейтін рейтинг агенттіктерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 сәуірдегі N 96 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1508. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 222 қаулысымен.

Банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 5 және 6-тармақтарына және 18-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының, сонымен бірге Қазақстан Республикасының резидент банкінің, Қазақстан Республикасында еншілес банкін ашатын (еншілес банкі бар) Қазақстан Республикасының резидент емес банктері акцияларының он процентін және одан да көп процентін сатып ала алатын банктердің Қазақстан Республикасына берілген рейтингтен төмен емес ең аз талап қойылатын рейтингі болуы тиіс деп **б е л г і л е н с і н .**

Бұл тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен басқа мемлекеттің банктерді қадағалайтын уәкілетті органы арасындағы келісімде басқаша көзделген жағдайларда қолданылмайды.

2. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының, сонымен бірге Қазақстан Республикасының резидент банкі акцияларының он процентін және одан да көп процентін сатып ала алатын банктердің ең аз талап қойылатын рейтингін, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе банк резиденттердің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері

болып табылатын оффшорлық аймақтарда тіркелген қосылма тұлғалары бар резидент емес банктердің рейтингін белгілейтін рейтинг агенттіктерінің тізбесі б е к і т і л с і н .

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

4. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары, сонымен бірге банктің он және одан да көп акциялары бар Қазақстан Республикасының резидент банктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында еншілес банктері бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктері 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде осы қаулыда белгіленген ең аз талап қойылатын рейтингтің болуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у і р д е г і
N 9 6 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының, сонымен бірге Қазақстан Республикасының резидент банкінің, Қазақстан Республикасында еншілес банкін ашатын (еншілес банкі бар) Қазақстан Республикасының резидент емес банктері акцияларының он процентін және одан да көп процентін сатып ала алатын банктердің ең аз талап қойылған рейтингін және осындай рейтингті, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе резидент банктердің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері болып табылатын оффшорлық аймақтарда тіркелген қосылма тұлғалары бар резидент емес банктердің рейтингін белгілейтін рейтинг агенттіктерінің тізбесі

Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының, сонымен бірге Қазақстан Республикасының резидент банкінің, Қазақстан Республикасында еншілес банкін ашатын (еншілес банкі бар) Қазақстан Республикасының резидент емес банктері акцияларының он процентін және одан да көп процентін сатып ала алатын банктердің ең аз талап қойылған рейтингін және осындай рейтингті, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе резидент банктердің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері болып табылатын оффшорлық аймақтарда тіркелген қосылма тұлғалары бар резидент емес банктердің рейтингін белгілейтін рейтинг агенттіктері мыналар болып табылады:

1. Moody,s Investors Service
2. Standard & Poors
3. F i t c h

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы